

АРАБ-ИЗРАИЛЬ ҚАҚТЫҒЫСЫ: СЕБЕПТЕРІ: КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Асанбаева Гаухар Құрбанбекқызы

gaukharassanbayeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің

Халықаралық қатынастар кафедрасының 3 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Араб-Израиль қақтығысы Таяу Шығыс аймағын ұзақ уақыт бойы шарпыған, әлі күнге дейін тиімді шешімін таппай келе жатқан өзекті шиеленіс болып табылады. Палестинаға байланысты арабтар мен еврейлер арасындағы дау-жанжалдың күре тамыры Израиль мемлекеті құрылғанға дейін басталды. Қақтығыстың тамыры Осман империясы мен Палестинадағы еврейлердің жағдайы исламдық діни заңмен анықталған кезде, еврей ұлтының мәртебесі мен құқықтары мұсылмандардан төмен болды. Содан кейін еврейлер араб ақсүйек өкілдері мен жергілікті мұсылман тұрғындарының қолында шоғырланған жергілікті билік тарапынан кемсітушілікке ұшырады. Бұл жағдай екі халықтың қарым-қатынасының ушығуына әкелді [1].

1917 жылдан бастап Палестинада Балфур декларациясын жариялағаннан кейін еврейлер мен арабтар арасындағы қатынастар жыл сайын шиеленісіп келе жатқан саяси қақтығысқа ұласа бастады [2]. Қайшылықтарды шешу мақсатында 1947 жылы 29 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1948 жылдың мамырында Палестинадағы ағылшын мандат тәртіптемесінің күшін жою үшін және оның аумағында екі тәуелсіз мемлекетті – араб мемлекетін және еврей мемлекетін құру үшін дауыс берді. Сол мезетте еврей халқының өкілетті органы – Халық Кеңесі құрылды. Британдық басқарудың Палестинадағы мерзімінің аяқталуы сәтінде, яғни 1948 жылдың 14 мамырынан 15 мамырына қараған түні Халық кеңесі өзінің отырысын өткізді, ол жерде жетекші саяси көшбасшылардың бірі Бенгурион Израиль мемлекетінің құрылғандығын жариялайтын Тәуелсіздік декларациясын оқыды. Израиль мемлекетін жариялаған сәттен кейін оның шекарасы әлі анықталмай тұрып, ертесінде-ақ еврейлер мен арабтар арасында соғысқа жол ашқан қарулы шайқастар басталып кетті [2].

Кесте-1. Соғыс кезеңдерін төменде көрсетілген ивент талдау негізінде анықтай аламыз:
(Дереккөз: автормен құрылған)

Субъект-инициатор	Issue-are	Субъект-мишень	Уақыты
Араб мемлекеттері лигасы: Египет, Ирак, Сирия, Ливан, Йемен, Сауд Арабиясы, Трансиордания	Физикалық. Израиль территориясына басып кіре бастады, жетістікке жете алмады. Израиль барлық шабуылдардың бетін қайтарып, оған БҰҰ жоспары бойынша тағайындалған 1300 шаршы шақырымды басып алды; Палестинада араб мемлекетін құруға арналған территорияның қалған бөлігі Египет (Сектор Газа) және Иордания (Батыс Иордан және Шығыс Иерусалим) бақылауына алынды	Израиль	1947-1949 жж. (Накба-Катастрофа)

Египет пен Сирия, Иордания	Физикалық. Израильмен шекарада үлкен әскерлер шоғырландырды. Еврей мемлекетінде бұл шабуылға дайындық деп саналды және 5 маусымда олар алдын-ала соққы жасады. Араб коалициясының күштерін алты күнде жойып, толығымен жеңді.	Израиль	1967ж.5маусым (Алты күндік соғыс)
Египет пен Сирия	Физикалық. Египет пен Сирия бір уақытта Израильге шабуылдап, Израиль армиясын тосыннан ұстап алды. Египет әскерлері Суэц каналы арқылы бес нүктеден өтті, ал сириялық әскерлер Израиль армиясына Голан биіктігінде екі жерде шабуылдады.Египет армиясы Израиль әскерлерін Иордан өзенінің батыс жағалауы мен Суэц каналындағы «Бар Лев сызығынан» бас тартуға мәжбүр етті; Израильдіктер Египеттің Суэц каналының жағасындағы плацдармды басып алды.	Израиль	1973 жылы қазан (Қиямет күні соғысы)
Палестинаны азат ету ұйымы (ООП)	Физикалық. ООП Израильге қарсы өзінің террористік әрекетін жүргізді. Израиль Ливанның оңтүстігіндегі барлық әскери базаларды жоюды және солтүстік Израиль қалалары мен ауылдық елді мекендерді үнемі оқ атудан құтқаруды көздеп, жаппай шабуыл жасады; БҰҰ ұсынған жоспарға сәйкес ООП террористері Бейруттан кетуге мәжбүр болды; Израиль өз әскерін Ливаннан 1985 жылы шығарды, бірақ Израиль-Ливан шекарасының солтүстігінде буферлік аймақты бақылауды сақтап қалды	Израиль	1982-85 жж. Галилея үшін бейбітшілік операциясы (Ливан соғысы)
Хезболла	Физикалық. "Хезболла" содырлары бір ай ішінде Израильдің Солтүстік қалалары мен елді мекендерінде жаппай зымырандық оқ жаудырды.	Израиль	2006 ж. Екінші Ливан соғысы (Шілде соғысы)

Палестина мен Араб елдері территорияларында орын алған осындай қарулы қақтығыстың басты себебі Араб елдері мен Израиль мүдделерінің қарама-қайшылығында жатыр.

Кесте-2. Осы тұста екі жақтың позициясын келесідей салыстырмалы талдау негізінде топтастыруға болады: (Дереккөз:автормен құрылған)

Израиль	Араб елдері
---------	-------------

<p>Палестинаны еврей халқының тарихи отаны деп санайды және бұл халықтың өзінің егеменді мемлекетіне құқығы бар. Бұл мәлімдеме бірнеше негізгі қағидаларға негізделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Халықтардың теңдік принципі: өз егеменді мемлекеті бар басқа халықтар сияқты, еврейлер де өз елінде өмір сүруге және оны басқаруға құқылы. ➤ Еврейлерді антисемитизмнен қорғау қажеттілігінің принципі: еврейлерді өзін-өзі қорғауға ұйымдастыруға және апат кайталанған жағдайда пана ретінде қызмет етуге территория табуға мәжбүр етеді. Бұл еврей мемлекетінің құрылуымен ғана мүмкін деп санайды. ➤ Тарихи отан принципі: б.з.д. Палестина аумағында еврей тайпалары өмір сүрді. Еврей халқының пайда болуынан бастап, иудаизмнің негізі қаланған жер Израиль-Палестина аумағымен байланысты. Сондай-ақ еврейлердің Израильде алған территориясы олар жоғалтқан аумақтан пропорционалды түрде аз деп санайды. 	<p>Араб мемлекеттері мен жергілікті арабтар Палестина территориясында Израиль мемлекетінің құрылуына үзілді-кесілді қарсы. Себебі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Бұл территорияны алғашқы мұсылман елдерінің бөлігі болып табылады деп есептейді. ➤ Израильдің басып алынған территориялардағы саясаты нәсілшілдік пен апартеидке ауысып, палестиналықтарды біртіндеп жерінен айырып, олардың құқықтарын өрескел бұзды деп санайды.
--	--

БҰҰ, Еуроодақ, АҚШ және Ресей Таяу Шығыс мәселелерін реттеу барысындағы басты қатысушылар болып табылды. 2000 жылдардан бастап АҚШ Таяу Шығыста ауқымды дипломатиялық іс-әрекеттерді бастады. Жанжалды бейбіт жолмен шешудің жаңа кезеңі басталды. Осыдан кейін араб елдері арасындағы тікелей келіссөздерді тек АҚШ пен КСРО делдалдығымен бастау жоспарланды. Шешім шығаруға негіз болған БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің 242, 338, 1397, 1515 резолюциялары болды [3].

Қорытындылай келсек, қазіргі кездегі араб-израиль қақтығысы ең өткір халықаралық проблемалардың бірі болып табылады. Түйткілді конфликтке әлі де нүкте қойылар емес. Нақтылар болсақ, Палестина-Израиль арасындағы мүдделер қақтығысы шиеленісе түсуде. Қақтығысушы тараптарды келіссөздер үстеліне отыруға мәжбүрлейтін тиімді механизм жоқтығы тараптар арасындағы қақтығысты шиеленістіре түсті. Яғни, Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның Қауіпсіздік Кеңесі осы мәселеге келгенде осалдық танытуда. Керісінше, Америка Құрама Штаттары Таяу Шығыстағы қақтығыстар мен ұрыс қимылдарының өршуіне өз үлесін қосуда.

БҰҰ-да араб-израиль қақтығысы болған соғыстардың барлық кезеңінде көптеген қарарлар қабылданды [4]. Бұл құжаттарда қақтығысушы тараптарды бітімге келтіру үшін практикалық шаралар қабылдауға шақырулар қабылданғаны мәлім (басып алынған территориялардан әскерлерді шығару, елді мекендер құрылысын тоқтату, палестиналық босқындардың мәселелерін шешу, Иерусалим мәртебесі).

Алайда, Америка Құрама Штаттары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде бірнеше рет өзінің veto құқығын пайдаланып, араб-израиль жанжалы бойынша қарар жобаларына тосқауыл қойды. Осылайша, қақтығысты шешуге мүдделі халықаралық аренадағы ірі елдердің арасындағы текетірестер қақтығысты тоқтату процесін баяулатуда.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

- 1.ЦЕНТР СТРАТЕГИЧЕСКИХ ОЦЕНОК И ПРОГНОЗОВ |URL: <http://csef.ru/ru/politica-i-geopolitica/477/arabo-izraiskij-konflikt-prichiny-mehanizmy-i-osnovnye-sobytiya-5902>
- 2.Рапопорт М.А. Восприятие еврейской иммиграции в Палестину арабской общественностью в 1882-1948 гг. – Санкт-Петербург, 2013. – 71 с.
- 3.<https://malimetter.kz/birinshi-arab-izrail-sogysy-pajda-bolu-sebepteri-zhurisi-natizhesi/>
- 4.<https://www.dw.com/ru>
- 5.«Арабо-израильский конфликт» (часть 1) // альманах «Кадайя Фикрийя» (Египет), № 6, апрель 1988—277 стр. (ар.)